



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кажимова Карылгаш Рахимовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Шалгынбаева К.К.

Жоғары мектептің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының тәрбиеде алатын орны мен маңыздылығын студенттерге үйретіп, болашақ мұғалімдерге этнопедагогика пәні арқылы білім беріп, ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығаруға даярлаудың қажеттілігі туып отыр. Осы орайда, жоғары оқу орны жағдайында студенттердің кәсіби құндылықтар туралы түсініктерін дұрыс қалыптастыруда халықтық педагогика материалдарын ғылыми теориялық-әдістемелік қағидалармен ұштастыру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Соның бірі, халықтық педагогика материалдарын этнопедагогика пәнімен байланыстыра отырып, болашақ маманды этнопедагогикалық даярлауды жетілдірудің объективті қажеттілігі артты.

Кәсіби құндылықтар туралы білім беру арқылы болашақ маманның этнопедагогикалық даярлығын қалыптастыру – тұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі.

Болашақ мамандарды этнопедагогикалық білім негізінде даярлаудың дидактикалық негізі - бұл мақсат, міндеттер және мазмұнның бірінғай жиынтығын қамтитын кәсіби-білімдік жүйенің құрамдас бөлігі.

Егемендік алған кез-келген елдің, халықтың ең басты міндеті – жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырып, шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру. Білім берудің ұлттық жүйесін құру - ұлттық мәдениетті оқу-тәрбие процесінде пайдалану арқылы ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу. Болашақ мамандарды этнопедагогикалық біліммен қаруландыру мақсатында, халықтық дәстүрлердің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашу - осы мәселені шешу жолдарының бірі.

Қоғамның кезек күттірмейтін талаптарының бірі – кәсіби бейімделген болашақ мамандарды даярлау. Болашақ маман – баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті.

Ұлттық тәрбие ана тілін, елінің тарихын, төл мәдениетін, туған жерін, халқының ертедегі тұрмыс-тіршілігін оқып, үйренуден басталады.

Жастарға білім беру, тәрбиелеу, табиғат пен адам өмірінің тіршілігін ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырып, жастардың дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеуді қазақ халқының данышпандары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуді қазақ халқының ағартушы-ғалымдары мен ақын-жазушылары Ж. Аймауытов, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев өз еңбектерінің негізгі арқауы еткен.

Ұлттық мәдениеттің негізгі көзі болып табылатын құндылықтарды белгілі ғалымдар Ж. Артықбаев, Х. Арғынбаев, Ә. Бірмағанбетов, А. Нысанбаев еңбектері этнопедагогиканың теориялық негіздерін анық, ұғымдық-терминологиялық аппаратын жасауға тікелей ықпалын тигізді және біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрады.

Жоғары оқу орнында болашақ педагогтерді даярлау мәселесін, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, мектепке кәсіби білімі жоғары мамандарды даярлау мәселелері қазақстандық ғалымдар Қ.М. Арынғазинның, Ш.Ә. Әбдіраманнның, Б. Әбдікәрімұлының, С.Т. Каргиннің,

Ж.А. Караевтың, Қ.М. Кертаяновтың, Р.М. Қоянбаевтың, Н.Ә. Мыңжановтың, Ж.Ы. Намазбаеваның, Н.Д. Хмельдің, Л.А. Шкутинаның еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мазмұнын жаңарту және оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, дамуы жоғары елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет екендігі аталған.

Этнопедагогикалық даярлау мәселесін алғаш көтергендердің бірі - Г.Н. Волков. Оның пікірінше, тек мұғалім ғана балаларды оқыту, тәрбиелеу процесін нақты аймақтық жағдайда, халықтың көп ғасырлы мәдениеті негізінде ұлттық тәрбие, дәстүрмен тығыз байланыста ұйымдастыра алады.

Жастарға этнопедагогикалық білім беру мәселелері Ж. Асанов, Қ. Бөлеев, Л.А. Бөлетова, Р.Қ. Дүйсенбінова, Қ. Жарықбаев, К.Ж. Қожахметова, С. Қалиев, Ж. Наурызбай, Ә. Табылдиев, С. Ұзақбаева, Қ.Қ.Шалғынбаеваның және қолданбалы салалары Р.М. Айтжанова, С.Қ. Әбілдина, Ш.М. Мұхтарова, Қ.А. Сарбасова, Л.С. Сырымбетова, т.б. ғылыми зерттеулерінде қарастырылды.

Еліміздегі тұрақты даму, жаңа стратегиялық бағыттар мен қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» демекші бүгінгі таңда қоғамда тәрбие жүйесін жандандыру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты білім берудің жаңа үлгісін ендіруде тәрбиеге баса назар аударылуда.

Студенттердің тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады. Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады. Жалпы, тұлғаның ой-санасының, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, дамуына өзін қоршаған ортасы, алған білімі мен атқарған қызметі, қоғамдық-саяси ахуал міндетті түрде әсер етеді. Адам санасы тәңірлік жаратылыс қана емес, қоғамдық ақыл-ойдың да жиынтық көрінісі. Адам санасы өткені мен бүгінін қорыта отырып қалыптасады, жетіледі, өседі. Заманына қарай ұрпағы өсіп-жетіледі. Бүгін де өз елінің салт-дәстүрін, дінін, тілін жарнамалап жатқан ақпарат құралдары елімізде басымдыққа ие болып отыр.

Даму жолына түскен елдердің көбі өркениетті елдердің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына бойұсынып, ұлттық болмысынан айырылады. Абай айтқан «...әркімді заман сүйремей, заманға жаман күйлемек, замана оны илемек» болып тұрған уақытта Президенттің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауындағы Мәңгілік ел ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынғаны көңілімізге қуаныш ұялатты: «... Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік қазақтың перзенті. Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – «Мәңгілік Ел, - деп, қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген жиі талқыға түсіп жүрген сауалға нақты жауап берді. Сондықтан бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық идея айқын, ендігі міндет болашағымызға бағдар ететін – «Мәңгілік Ел» идеясын қалыптастыру жолында қызмет ету. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін жоғары мектептерде де мақсатты түрде тәрбие жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар барлық оқу пәндерінің тәрбиелік мәнін күшейту қажет.

Оқытылатын пәндер рухани-адамгершілік қасиеттері мен білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, қазақстандық отаншылдық пен азаматтық

жауапкершілік, ұлттық сана-сезім мен толеранттылық, Қазақстанның этникааралық жағдайда қарым-қатынас жасай білуіне бағытталуы тиіс.

Жоғарыда аталған шешімі табылмаған мәселелердің барлығы да өзекті. Ұлттық тәрбиенің мақсатын және басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты идеологиялық бағдар жеткіліксіздігі Елбасы Жолдауының «Мәңгілік Ел» идеясында жан-жақты айтылды. Тәрбие - адамзат тарихының біте қайнасқан, ажырамас бөлігі. Тәрбиенің нәтижесінде талай ғасырлардан қалыптасқан ұлттық сана, іс-тәжірибе, салт-дәстүр асыл мұра ретінде осы күнге дейін жетті. Тәрбие - қоғамдық құбылыс, оның негізгі қозғаушы күші, өркениетті елді қалыптастыратын берік «құрылыс материалы». Сондықтан адам баласы қай қоғамда болмасын ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің тиімді үрдісін жасауды басты назарда ұстаған.

Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарындағы тәрбие қызметінің жүйесінен көрініс тапты. Қазақстандық патриотизмнің, азаматтықтың, руханилықтың саяси және адамгершілік мәнін түсіну, адамгершілік бағдарлы, әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру процесі жүріп жатыр. Ұлттың жалпықазақстандық ділін, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отыра, зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Жастардың санасында білімнің беделділігі, өз денсаулығын сақтаудағы экономикалық мүдделілік сияқты жаңа позитивті трендтер артуда, отбасы, достары, денсаулығы, материалдық игіліктер, қызықты жұмыс, мансабының өсуі жастардың дәстүрлі өмірлік құндылықтары болып қала беретінін социологиялық зерттеулер көрсетіп отыр.

Президент сондай-ақ, белсенді, білімді және дені сау азаматтар қалыптастыру, жаңа қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңа серпін беру міндетін қойды. 2020 жылғы қазақстандық жастарды патриот, білімді, дені сау, жауапкершілікті және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, толерантты, әлемде танымал және құрметті тұлға ретінде көреміз.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі болып табылатын осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтар ескеріле отыра құрастырылады.

Қазақстандық қоғамның Мәңгілік елге бағытталуы жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, өзгерістердің бірыңғай маңызды факторы ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау миссиясын атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17.01.2014ж.).-Астана, 2014.
2. «Мәңгілік ел» Жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. 3 қыркүйек 2014 ж. – Астана, 2014
3. Абай. Шығармаларының жинағы. –Алматы:«Жазушы»,2005.-55,63б.
4. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасының әдіснамасын жасаудың кейбір өзекті мәселелері. Этнопедагогика және этнопсихология. –Алматы, 1996.-18б.
5. Қалиев С. Қазіргі оқу-тәрбие жүйесін этнопедагогикаландырудың теориялық негіздері.- Ұлт тағылымы, №1, 2001.-17 б.